

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 26 ақпандағы № 119 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының*  
*К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 6

ж ы л ғ ы

2 6

а қ п а н д а ғ ы

№ 1 1 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 сәуірдегі № 354 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 28, 231-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл

ж о с п а р ы н д а :

«Қаражатты екінші деңгейдегі банктерге шартты түрде орналастырудың шарттары мен тетіктері» деген 3-бөлімде:

үшінші және төртінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ «Даму» КДҚ» АҚ-ның ҚР ҰБ-дағы жеке банктік шотына Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған кредиттік шарт бойынша қаражат сомасын орналастырады.

«Даму» КДҚ» АҚ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес ЕДБ-мен кредиттік келісімдер жасасуды жүзеге асырады.»;

он бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Негізгі борыш пен сыйақыны өтеу шарттары мен тәртібі кредиттік келісімде белгіленеді.» ;

он үшінші және он төртінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«ЕДБ есептерін ұсыну тәртібі, нысаны мен кезеңділігі, сондай-ақ ЕДБ-ге кредит берудің осы Жоспарда көзделмеген өзге де шарттары кредиттік келісімде белгіленеді.

ЕДБ бөлінетін қаражатты ШОК субъектілерінің қолданыстағы инвестициялық кредиттерін орналастырылған қаражат сомасының 50%-ына дейін қайта қаржыландыру мақсатына жібереді. Бұл талап кәсіпкерлерді қаржылай қолдау бағдарламаларына («Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы, «Даму Өндіріс» бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының сауықтыру бағдарламалары) қатысатын қолданыстағы қарыздарға қолданылмайды.»;

он жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«ЕДБ орналастырылатын қаражатты мақсатына сай пайдаланбаған, толықтай немесе ішінара игермеген жағдайларда, сондай-ақ кредиттік келісімде көзделген өзге де жағдайлар туындаған кезде «Даму» КДҚ» АҚ ЕДБ-ге қатысты кредиттік келісімнің талаптарына сай шаралар қолданады, оның ішінде кредиттік келісімдерді мерзімінен бұрын бұзу және (немесе) орналастырылған қаражатты, кейін оларды басқа ЕДБ-лер арасында қайта бөле отырып кері қайтарып алу мәселесіне бастама көтеруге құқылы. Қайтарылған, сондай-ақ ЕДБ мерзімінен бұрын өтеген қаражатты ЕДБ арасында қайта бөлу Мемлекеттік комиссияның тиісті шешімі негізінде жүзеге асырылады.»;

«Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру шарттары» деген 4-бөлімде :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Нысаналы топ – осы Жоспарға қосымшаға сәйкес жобаларын өңдеу өнеркәсібінде іске асыратын ШОК субъектілері.» ;

екінші бөліктегі «болып табылатын ШОК субъектілері қатысушы бола алмайды.» деген сөздер «болып табылатын;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3), 4), 5) тармақшалармен толықтырылсын:

«3) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар қайта құрылған және (немесе) кредиттің сомасы 20 миллион теңгеден аспайтын жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік тіркелген кезден бастап алты айдан аз уақыт өткен;

4) кредиттің мақсаты қайта қаржыландыру болып табылатын жағдайларды қоспағанда, кредиттік бюроның деректеріне сәйкес кредит берілген немесе кредиттік өтінім берілген сәтте күнтізбелік тоқсан күннен астам мерзімге кешіктірілген несиелік б е р е ш е г і б а р ;

5) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6058 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 10 ақпандағы № 52 бұйрығында және (немесе) «Банктік және сақтандыру қызметінің, бағалы қағаздар

рыногының кәсіби қатысушылары қызметінің және бағалы қағаздар рыногында лицензияланатын басқа да қызмет түрлерінің, жинақтаушы зейнетақы қорлары мен акционерлік инвестициялық қорлар қызметінің мақсаттары үшін оффшорлық аймақтардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 2 қазандағы № 145 қаулысында көрсетілген оффшорлық аймақтарда тіркелген, сондай-ақ қатысушылары және (немесе) акционерлері оффшорлық аймақтарда тіркелген ШОК субъектілері қатысушы бола алмайды.»;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«ШОК субъектілерінің мақұлданған өтінімдеріне кредит беру мақсатында ЕДБ ҚР ҰБ-дегі жеке банктік шотынан қаражатты есептен шығару үшін қажетті соманы «Даму» КДҚ» АҚ-мен алдын ала келісуді жүзеге асырады. Бұл ретте қаражаттың мақсатты пайдаланылуына түпкілікті тексеруді «Даму» КДҚ» АҚ ШОК субъектілері жобаны іске асыратын жерге барғаннан кейін жүзеге асырады.»;

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Басқа шарттар кредиттік келісімде айқындалады.»;

«Мемлекеттік қолдаудың қосымша шаралары» деген 6-бөлім мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«6. Мемлекеттік қолдаудың қосымша шаралары

Осы Жоспар шеңберінде қаражат алатын ШОК субъектілерінің жаңа жобаларын қаржыландыруды ынталандыру үшін «Даму» КДҚ» АҚ «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында жаңа жобалар бойынша кредиттерді кепілдендіру тетігін қолдана алады.»;

«Мониторинг» деген 7-бөлімде:

бірінші бөліктің 2) тармақшасындағы «пайдаланылуына мониторингті жүзеге асырады.» деген сөздер «пайдаланылуына;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) ЕДБ-нің бұрын берілген қарыздарды өтеуден босатылатын қаражат есебінен ШОК субъектілерін уақтылы қаржыландыруына мониторингті жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Бөлінетін қаражаттың экономикалық нәтижелеріне мониторинг жүргізу мақсатында ШОК субъектілерінің келісімі болған жағдайда, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті «Даму» КДҚ» АҚ-ға салықтық құпия болып табылатын мынадай мәліметтерді: салық салуға жатпайтын кірістерді ескере отырып, жиынтық жылдық кіріс, шетелдік көздерден түсетін кірістер, салық салынатын кіріс, сатылған тауарлар (жұмыстар, көрсетілген қызметтер) бойынша жұмсалған шығыстар, жұмыскерлердің есепке жазылған кірістері бойынша жұмсалған шығыстар, таза кіріс, жұмыскерлердің саны (адам), бір жұмыскерге есептегенде орташа айлық жалақы, салықтық төлемдердің сомалары туралы ақпаратты ұсынады.»;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«ЕДБ «Даму» КДҚ» АҚ-ға тұрақты түрде қаражаттың игерілуі туралы есеп жіберіп тұрады, есеп беру нысаны мен мерзімдері тиісті кредиттік келісімде көрсетіледі. Бұл ақпаратты «Даму» КДҚ» АҚ Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі № 281 өкімімен құрылған Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылау комиссиясына (бұдан әрі – Комиссия) және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ға береді.»;

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Даму» КДҚ» АҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатының есебінен ЕДБ-ден қарыздар алған түпкілікті қарыз алушылар және ЕДБ-ге кредит беру жөнінде өтініш білдірген, сондай-ақ ЕДБ-нің кредит беру туралы оң шешімін алған кәсіпкерлік субъектілері туралы ақпаратты, оның ішінде банктік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын, «Даму» КДҚ» АҚ мен ЕДБ арасында жасалған кредиттік келісімдердің талаптарына сәйкес ЕДБ-ден алынған ақпаратты Комиссияға және оның құрамына кіретін мемлекеттік органдар мен ұйымдарға ұсынады.»;

көрсетілген Жоспарға 1-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н ;

көрсетілген Жоспарға 2-қосымша алып тасталсын.

2. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібінде кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 1276 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 76-77, 675-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібінде кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл ж о с п а р ы н д а :

«Жалпы ережелер» деген бөлімде:

«Қаражатты екінші деңгейдегі банктерге шартты түрде орналастырудың шарттары мен тетіктері» деген кіші бөлімде:

4-тармақтың 7) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) «Даму» КДҚ» АҚ мен ЕДБ арасында жасалған кредиттік келісім шеңберінде.»;

6-тармақтың үшінші, төртінші және бесінші бөліктері мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«ЕДБ-ге бөлінетін қаражатты қолданыстағы кредиттерді қайта қаржыландыру, қаржы құралдарына және (немесе) олармен жасалатын операцияларды инвестициялау мақсаттарына, сондай-ақ шетелдік валютаны сатып алу үшін валюта нарығына жіберуге т ы ғ ы м с а л ы н а д ы .

ЕДБ ШОКС-қа бұрын берілген қарыздарды өтеу есебінен босаған қаражатты ҚР

ҰБ-дағы өздерінің жеке банктік шоттарына есепке жазуды ай сайын жүзеге асырады. Бұл ретте ЕДБ босаған қаражатты үш ай ішінде ШОКС-ке одан әрі кредит беруге жұмсайды не қаражатты «Даму» КДҚ» АҚ-ның ҚР ҰБ-дағы жеке банктік шоттарына мерзімінен бұрын қайтарады.

ІКС-тің бұрын берілген қарыздарын өтеу есебінен босатылған қаражатты ҚР ҰБ-дегі өзінің жеке банктік шоттарына есепке жазуды ЕДБ ай сайынғы негізде жүзеге асырады. Бұл ретте ЕДБ «ҚДБ» АҚ мен ЕДБ арасында жасалған банктік қарыз шарттарында белгіленген мерзім ішінде қаражатты ІКС-ке одан әрі кредит беруге бағыттайды. Қаражат банктік қарыз шарттарында көрсетілген мерзімдерде орналастырылмаған жағдайда, «ҚДБ» АҚ ЕДБ-ден қаражаттың орналастырылмаған бөлігін мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқылы.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Орналастырылған қаражатты ЕДБ мақсатқа сай пайдаланбаған, толықтай немесе ішінара игермеген жағдайларда, сондай-ақ кредиттік келісімде немесе банктік қарыз шартында көзделген өзге де жағдайлар туындаған кезде, «Даму» КДҚ» АҚ, «ҚДБ» АҚ ЕДБ-ге қатысты кредиттік келісімнің, банктік қарыз шартының талаптарына сәйкес шаралар қолданады, оның ішінде кредиттік келісімдерді, банктік қарыз шартын мерзімінен бұрын бұзу және (немесе) кейін басқа ЕДБ-лер арасында қайта бөлумен орналастырылған қаражатты оларды кері қайтарып алу мәселесіне бастама көтеруге құқылы. Кері қайтарылып алынған, сондай-ақ ЕДБ мерзімінен бұрын өтеген қаражатты ЕДБ арасында қайта бөлу Мемлекеттік комиссияның тиісті шешімі негізінде жүзеге асырылады.» ;

9 - тармақ алып тасталсын ;

«Өңдеу өнеркәсібінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру шарттары» деген кіші бөлімде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. ШОКС-тің мақұлданған өтінімдеріне кредит беру мақсатында ЕДБ ҚР ҰБ-дағы жеке банктік шотынан қаражатты есептен шығару үшін қажетті сомаларды «Даму» КДҚ» АҚ-мен алдын ала келісуді жүзеге асырады. Бұл ретте қаражаттың мақсатты пайдаланылуына түпкілікті тексеруді «Даму» КДҚ» АҚ ШОКС жобасын іске асыратын жерге барғаннан кейін жүзеге асырады.»;

«Өңдеу өнеркәсібінде ірі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру шарттары» деген кіші бөлімде:

4 - тармақта :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) бір ІКС-ке берілетін қаржыландыру лимиті – 5 000 000 000 теңгеге дейін»;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) инвестицияларға кредит беру бойынша негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдікті кезең – түпкілікті қарыз алушы кредитті игеруді бастаған күннен бастап 24

а й д а н а с п а й д ы . » ;

«Мониторинг» деген кіші бөлімде:

2-тармақ 2) тармақшасындағы «пайдаланылуына мониторингті жүзеге асыратын болады.» деген сөздер «пайдаланылуына;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) ЕДБ-нің бұрын берілген қарыздарды өтеуден босатылатын қаражат есебінен ШОКС-ты, ІКС-ті уақтылы қаржыландыруына мониторингті жүзеге асыратын болады.» ;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

«7. Бөлінетін қаражаттың экономикалық нәтижелеріне мониторинг жүргізу мақсатында, ШОКС, ІКС субъектілерінің келісімі болған жағдайда, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті «Даму» КДҚ» АҚ-ға, «ҚДБ» АҚ-ға салықтық құпия болып табылатын мынадай мәліметтерді: салық салынбайтын кірістерді ескере отырып, жиынтық жылдық кіріс, шетелдік көздерден түсетін кірістер, салық салынатын кіріс, сатылған тауарлар (жұмыстар, көрсетілген қызметтер) бойынша жұмсалған шығыстар, жұмыскерлердің есептеліп жазылған кірістері бойынша жұмсалған шығыстар, таза кіріс, жұмыскерлердің саны (адам), бір жұмыскерге есептегенде орташа айлық жалақы, салықтық төлемдердің сомалары туралы а қ п а р а т т ы ұ с ы н а д ы . » ;

көрсетілген Жоспарға 3, 4, 5 және 6-қосымшалар алып тасталсын.

3. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2015 жылы өңдеу өнеркәсібінде кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 11 наурыздағы № 124 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 13, 71-құжат):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспары (бұдан әрі – Ж о с п а р ) б е к і т і л с і н . » ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2015 жылы өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен і с - қ и м ы л ж о с п а р ы н д а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспары»;

«Ағымдағы жағдайды талдау» деген бөлімде:  
жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспары (бұдан әрі – Жоспар) кәсіпкерлік субъектілерін мынадай бағыттар бойынша қолдауға бағытталған шаралар кешенін а й қ ы н д а й д ы : » ;

«Жалпы ережелер» деген бөлімде:

«Қаражатты екінші деңгейдегі банктерге шартты орналастырудың талаптары мен тетіктері» деген кіші бөлімде:

5 - т а р м а қ т а :

4) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) «ҚДБ» АҚ мен ЕДБ арасында банктік қарыз шартын/лимиттерді өзгерту туралы қосымша келісім жасалған күннен бастап ЕДБ-нің кредиттік қаражатты игеру мерзімі:» ;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) «ҚДБ» АҚ мен ЕДБ арасында жасалған банктік қарыз шартының шеңберінде:

Мемлекеттік комиссия мақұлдаған ЕДБ лимитінің 50 %-дан аспайтын үлесін ЕДБ ІКС-ке берілген қарыздарды қайта қаржыландыру үшін бағыттайтын қарыздардың ү л е с і қ ұ р а й д ы ;

Мемлекеттік комиссия мақұлдаған ЕДБ лимитінің 25 %-дан аспайтын үлесін ЕДБ ІКС-тің айналым қаражатын толықтыру мақсаттары үшін бағыттайтын қарыздардың ү л е с і қ ұ р а й д ы ;

Мемлекеттік комиссия мақұлдаған ЕДБ лимитінің кемінде 25 %-ын ЕДБ ІКС-тің жаңа жобаларын қаржыландыруға бағыттайтын қарыздардың үлесі құрайды.»;

6-тармақтың бесінші және алтыншы бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«ЕДБ ай сайынғы негізде ШОКС-тың бұрын берілген қарыздарын өтеу есебінен босатылған қаражатты ҚР ҰБ-дағы өзінің жеке банктік шоттарына есепке жазуды жүзеге асырады. Бұл ретте ЕДБ үш ай ішінде қаражатты ШОКС-қа одан әрі кредит беруге бағыттайды не «Даму» КДҚ» АҚ-ның ҚР ҰБ-дағы жеке банктік шоттарына м е р з і м і н е н б ұ р ы н қ а й т а р а д ы .

ЕДБ ІКС-тің бұрын берілген қарыздарын өтеу есебінен босатылған қаражатты ҚР ҰБ-дағы өзінің жеке банктік шоттарына есепке жазуды жүзеге асырады. Бұл ретте ЕДБ «ҚДБ» АҚ мен ЕДБ арасында жасалған қарыз шарттарында белгіленген мерзім ішінде қаражатты ІКС-ті одан әрі кредит беруге бағыттайды. Қаражат кредиттік келісімдерде және (немесе) қарыз шарттарында көрсетілген мерзімдерде орналастырылмаған

жағдайда, «ҚДБ» АҚ ЕДБ-ден қаражаттың орналастырылмаған бөлігін мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқылы.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Орналастырылатын қаражатты ЕДБ мақсатқа сай пайдаланбаған, толықтай немесе ішінара игермеген жағдайларда, сондай-ақ кредиттік келісімде немесе банктік қарыз шартында көзделген өзге де жағдайлар туындаған кезде, «Даму» КДҚ» АҚ, «ҚДБ» АҚ ЕДБ-ге қатысты кредиттік келісімнің, банктік қарыз шартының талаптарына сәйкес шаралар қолданады, оның ішінде кредиттік келісімдерді, банктік қарыз шартын мерзімінен бұрын бұзу және (немесе) кейін оларды басқа ЕДБ-лер арасында қайта бөлумен орналастырылған қаражатты кері қайтарып алу мәселесіне бастама көтеруге құқылы. Кері қайтарылып алынған, сондай-ақ ЕДБ мерзімінен бұрын өтеген қаражатты ЕДБ арасында қайта бөлу Мемлекеттік комиссияның тиісті шешімі негізінде жүзеге асырылады.»;

9-тармақ алып тасталсын;

«Өңдеу өнеркәсібінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру шарттары» деген кіші бөлімде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. ШОКС-тың мақұлданған өтінімдеріне кредит беру мақсатында ЕДБ ҚР ҰБ-дағы жеке банктік шотынан қаражатты есептен шығару үшін қажетті сомаларды «Даму» КДҚ» АҚ-мен алдын ала келісуді жүзеге асырады. Бұл ретте қаражаттың мақсатты пайдаланылуына түпкілікті тексеруді «Даму» КДҚ» АҚ ШОКС жобасын іске асыратын жерге барғаннан кейін жүзеге асырады.»;

«Өңдеу өнеркәсібінде ірі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру шарттары» деген кіші бөлімде:

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) бір ІКС-ке берілетін қаржыландыру лимиті – 5 000 000 000 теңгеге дейін;»;

«Мониторинг» деген кіші бөлімде:

2-тармақ 2) тармақшасындағы «пайдаланылуына мониторингті жүзеге асыратын болады.» деген сөздер «пайдаланылуына;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) ЕДБ-нің бұрын берілген қарыздарды өтеуден босатылатын қаражат есебінен ІКС-ті, ШОКС-ты уақтылы қаржыландыруына мониторингті жүзеге асыратын болады.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. «Даму» КДҚ» АҚ мен «ҚДБ» АҚ Комиссияға және оның құрамына кіретін мемлекеттік органдар мен ұйымдарға ҚР ҰҚ-ның ЕДБ-дегі қаражаты есебінен қарыз алған түпкілікті қарыз алушылар, сондай-ақ ЕДБ-ге кредит алу үшін өтініш білдірген кәсіпкерлік субъектілері және ЕДБ-ден кредит беру туралы оң шешім алған кәсіпкерлік субъектілері туралы ақпаратты, оның ішінде банктік, коммерциялық және заңмен



қорғалатын өзге де құпияны құрайтын, «Даму» КДҚ» АҚ мен ЕДБ арасында жасалған кредиттік келісімдердің, «ҚДБ» АҚ мен ЕДБ арасында жасалған банктік қарыз шарттарының талаптарына сәйкес ЕДБ-ден алынған ақпаратты береді.»;  
мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

«7. Бөлінетін қаражаттың экономикалық нәтижелеріне мониторинг жүргізу мақсатында ШОКС-тың, ІКС-тің келісімі болған жағдайда, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті «Даму» КДҚ» АҚ-ға, «ҚДБ» АҚ-ға салықтық құпия болып табылатын мынадай мәліметтерді: салық салуға жатпайтын кірістерді ескере отырып, жиынтық жылдық кіріс, шетелдік көздерден түсетін кірістер, салық салынатын кіріс, сатылған тауарлар (жұмыстар, көрсетілген қызметтер) бойынша жұмсалған шығыстар, жұмыскерлердің есепке жазылған кірістері бойынша жұмсалған шығыстар, таза кіріс, жұмыскерлердің (адам) саны, бір жұмыскерге есептегенде орташа айлық жалақы, салықтық төлемдердің сомалары туралы ақпаратты ұсынады.».

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 6 ж ы л ғ ы 2 6 а қ п а н д а ғ ы  
№ 1 1 9 қ а у л ы с ы н а  
қосымша

Қазақстан Республикасының Үкіметі  
мен Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі  
шағын және орта кәсіпкерлік  
жобаларын қаржыландыруды  
қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен  
іс - қимыл жоспарына  
1-қосымша

## Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын қаржыландыру үшін өңдеу өнеркәсібі салаларының тізбесі

Секция	Атауы	ЭҚЖЖ коды
1	2	3
C	Өңдеу өнеркәсібі	10-33.
	Тамақ өнімдерінің өндірісі	10
	Сусындар өндірісі	11
	Тоқыма бұйымдарының өндірісі	13
	Киім өндірісі	14
	Былғары және оған қатысты өнімдер өндірісі	15

Жиһаздан басқа ағаш және тығын бұйымдарының өндірісі; сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдар өндірісі	16
Қағаз және қағаз өнімдерінің өндірісі	17
Жазып алынған материалдарды басып шығару және тыңдатып көрсету	18
Кокс және мұнай өңдеу өнімдерінің өндірісі	19
Химия өнеркәсібі өнімдерінің өндірісі	20
Негізгі фармацевтикалық өнімдер мен препараттар өндірісі	21
Резеңке және пластмасса бұйымдарының өндірісі	22
Өзге де металл емес минералды өнімдер өндірісі	23
Металлургия өнеркәсібі	24
Машиналар мен жабдықтардан басқа, дайын металл бұйымдардың өндірісі	25
Компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдер өндірісі	26
Электр жабдықтарының өндірісі	27
Басқа да санаттарға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндірісі	28
Автокөлік құралдары, трейлерлер мен жартылай тіркемелер өндірісі	29
Өзге де көлік құралдарының өндірісі	30
Жиһаз өндірісі	31
Өзге де дайын өнімдер өндірісі	32
Машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату	33